


Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ КАНДИДАТТАРҒА
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СЕНІМ БІЛДІРГЕН
АДАМДАРЫНА АРНАЛҒАН
ЖАДНАМА**

**ПАМЯТКА
ДЛЯ КАНДИДАТОВ В ПРЕЗИДЕНТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
И ИХ ДОВЕРЕННЫХ ЛИЦ**

20 қараша **2022** 
ноября



Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ
КАНДИДАТТАРҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СЕНІМ БІЛДІРГЕН
АДАМДАРЫНА АРНАЛҒАН
ЖАДНАМА**

Астана, 2022

ӘОЖ 342
КБЖ 67.400
Қ 18

Қ 18 Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға және олардың сенім білдірген адамдарына арналған жаднама / Памятка для кандидатов в Президенты Республики Казахстан и их доверенных лиц
Астана қаласы, 2022, – 60 бет.

ISBN 978-601-7239-99-2

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға және олардың сенім білдірген адамдарына арналған жаднама Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына дайындық кезеңінде сайлау комиссияларының мүшелері мен сайлау процесіне басқа да қатысушыларды оқытуды ұйымдастыру жоспарының шеңберінде әзірленді.

Жаднамада Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарына қойылатын талаптар баяндалған, сондай-ақ олардың сайлау науқаны кезеңіндегі қызметі бойынша түсіндірмелер қамтылған.

Памятка для кандидатов в Президенты Республики Казахстан и их доверенных лиц подготовлена в рамках Плана организации обучения членов избирательных комиссий и других участников избирательного процесса в период подготовки к внеочередным выборам Президента Республики Казахстан.

В Памятке изложены установленные Конституцией Республики Казахстан и Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» требования, предъявляемые к кандидатам в Президенты Республики Казахстан и доверенным лицам кандидатов, а также содержатся разъяснения по их деятельности в период избирательной кампании.

ӘОЖ 342
КБЖ 67.400

ISBN 978-601-7239-99-2

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасының Конституциясы

(үзінді)

2-бап

1. Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

40-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Республиканың Президенті - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

41-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмілетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды.

2. Республика Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады. Конституциялық заңда Республика Президентігіне кандидаттарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі.

5. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы»

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы

(үзінді)

3-бап. Сайлау құқығы принциптері

1. Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару

органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

4-бап. Жалпыға бірдей сайлау құқығы

Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы - Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы.

3. Сайлауға сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды.

4. Мыналар:

1) сотталғандығы белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам;

2) сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған адам Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидат бола алмайды.

51-1-бап. Республика Президентінің кезектен тыс сайлауы

1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және тағайындалған күнінен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

54-бап. Республика Президенттігіне кандидатқа қойылатын талаптар

Президент болып сайлану үшін азамат Конституцияның 41-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарды қанағаттандыруға, мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі болуға, сондай-ақ Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес белсенді сайлау құқығына ие болуға тиіс.

66-1-бап. Республика Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу

Президенттің кезектен тыс сайлауы осы Конституциялық заңда Президенттің кезекті сайлауы үшін белгіленген қағидаларға сәйкес өткізіледі. Сайлау іс-шараларын өткізу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ КАНДИДАТТАР ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттар ұсыну

(«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 55, 66-1-баптары)

Президенттікке кандидаттар ұсыну құқығы

белгіленген тәртіппен тіркелген жоғары органдарының
атынан республикалық қоғамдық бірлестіктерге тиесілі

Республикалық қоғамдық бірлестік бір ғана кандидат ұсынуға құқылы. Бұл ретте республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы Президенттікке кандидат ретінде ұсынған адам аталған республикалық қоғамдық бірлестіктің мүшесі болмауы мүмкін.

Президенттікке кандидат ұсыну туралы шешім республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді.

Көшірмеде Республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы отырысының күні, республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы мүшелерінің жалпы саны және Президенттікке кандидат ұсыну туралы шешімді қолдаған мүшелер саны көрсетіледі.

Республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органының шешімі:

- 1) Президенттікке кандидаттың назарына жеткізіледі;
- 2) Президенттікке кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен, оның өмірбаяндық деректерімен және кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжатпен қоса Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына (бұдан әрі – ҚР ОСК) тапсырылады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды ұсыну 2022 жылғы 23 қыркүйекте басталып, 11 қазанда сағат 18-де аяқталады.

Қазақстан Республикасының Президентігіне
кандидаттыққа түсуге келісім беру туралы
өтініштің нысаны

_____ (республикалық

_____ қоғамдық бірлестіктің атауы)

ӨТІНІШ

Мен, _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

тумысымнан Қазақстан Республикасының азаматы, _____
(туған күні, айы, жылы)

_____ (ұсынған республикалық қоғамдық бірлестіктің атауы)

Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат болып дауысқа
түсуге келісімді беремін.

Жеке куәлік (паспорт) № _____, сериясы _____ берген.

_____ (кім, қашан)

Қазақстан Республикасында соңғы _____ жыл
тұрақты тұрамын.

Жоғары білімім бар

Мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда
_____ жыл жұмыс тәжірибем бар.

Мыналарды:

- жеке басымды куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- өмірбаяндық деректерді;

- дипломның(дардың) көшірмелері __ парақта;

- мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік
лауазымдардағы жұмыс тәжірибем туралы мәліметтерді;

- сайлау жарнасын енгізгенімді куәландыратын құжатты қоса беріп
отырмын.

_____ (қолы)

_____ (аты –жөні, тегі)

2022 жылғы _____
(өтінішті берген күні)

Қазақстан Республикасының Президенттігіне
кандидат болып дауысқа түсуге келісім беру
туралы өтінішке қосымша

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың
ӨМІРБАЯНДЫҚ ДЕРЕКТЕРІ**

1. Тегім, атым, әкемнің аты (бар болған жағдайда) мемлекеттік тілде

Тегім, атым, әкемнің аты (бар болған жағдайда) орыс тілінде

2. Жынысым _____ 3. Туған жылым, күнім және айым _____

4. Туған жерім _____

(Қазақстан Республикасының облысы, ауданы, қаласы,

_____ кенті, ауылы)

5. Тумысымнан Қазақстан Республикасының азаматымын _____

(иә, жоқ)

6*. Ұлтым _____

7. Білімім жоғары _____

(жоғарғы оқу орнының атауы және оның орналасқан орны, бітірген жылы)

8. Мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік
лауазымдарда жұмыс тәжірибем бар.

_____ (жұмыс орны, лауазымы, жұмыс мерзімі; айы, жылы)

9. Қазақстан Республикасының аумағында тұрамын _____

(қай уақыттан бастап: күні, айы, жылы Қазақстан Республикасында 15 жылдық тұру
мерзімін анықтау үшін)

10. Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат ретінде _____

_____ ұсынылдым

(республикалық қоғамдық бірлестіктің атауы)

11.* Саяси партияның мүшесімін _____

_____ (саяси партияның атауы)

12. Тұрғылықты жерімнің мекенжайы: _____

(облыс, аудан, қала)

13. Жеке куәлік (паспорт) № _____, сериясы _____

_____ берген.

_____ (кім, қашан)

ЖСН _____

14. Жұбайымның (зайыбымның) тегі, аты, әкесінің аты _____

ЖСН _____

Жеке қолы _____ 2022 жылғы _____

_____ (толтырған күні)

*Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабының 1-тармағына сәйкес оның қай
ұлқа, қай партияға жататындығы Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың қалауы
бойынша толтырылады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың сайлау жарнасы

(«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 54-бабының 2-тармағы)

Президенттікке кандидат ҚР ОСК шотына заңнамада белгіленген ең төменгі жалақының елу еселенген мөлшерінде 3 000 000 (үш миллион) теңге сайлау жарнасын енгізеді. 2022 жылы ең төменгі жалақы 60 000 теңге болып табылады.

Орталық сайлау комиссиясының Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың сайлау жарнасын аудару үшін ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты (ҚБШ)

«Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы» ММ
БСН 940740000892
ИИК KZ940705016900001002

«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ
БИК KKMFKZ2A
Код 6900001, Кбе 11
КНП 171

Төлем тағайындауда «ҚР Президенттігіне кандидаттың Т. А. Ә. сайлау жарнасы» көрсетуі қажет.

Егер сайлау қорытындылары бойынша кандидат Республика Президенті болып сайланса немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде 5 пайызын алса, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда, енгізілген жарна кандидатқа қайтарылады.

Қалған жағдайлардың бәрінде енгізілген жарна қайтарылуға жатпайды және республикалық бюджет кірісіне алынады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау

(«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 54-бабы)

Президенттікке кандидатқа Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қоятын талаптарға оның сәйкестігін ҚР ОСК азаматтың өзін-өзі ұсыну арқылы дауысқа түсуге келісім беру туралы өтініші немесе республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органының кандидатты ұсыну туралы хаттамасының үзінді көшірмесін кандидаттың дауысқа түсуге келісім беру туралы өтінішімен және кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжатпен бірге тапсырған кезден бастап бес күн ішінде анықтайды.

Президенттікке кандидаттың Қазақстан Республикасында соңғы он бес жыл тұру фактісін ҚР ОСК анықтайды.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау рәсімі Қазақстан Республикасы Конституциялық

Кеңесінің Конституцияның 41-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы шешіміне сәйкес ҚР ОСК қаулысымен айқындалады.


«Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау жөніндегі лингвистикалық комиссияны құру туралы» ҚР ОСК 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 72/555 қаулысы (1-қосымша).

Кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін белгілеу рәсімі кандидатурасы өкілеттіктің келесі мерзіміне қайта ұсынылған республиканың қазіргі Президентіне қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сенім білдірген адамдары

(«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 31-бабы)

Кандидаттардың сайлау науқанын өткізу кезінде оларға көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, кандидаттардың мүдделерін білдіретін сенім білдірген адамдары болуға құқылы.



Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам болмауға тиіс (2-қосымшада).

Кандидаттар сенім білдірілген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда анықтайды және тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына олар туралы хабарлайды.

Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу туралы өтінішке кандидаттың өзі немесе сенімхат бойынша өзі уәкілеттік берген адамдары қол қояды.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеуді тиісті аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттар ҚР ОСК олардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкестігін анықтағаннан кейін тиісті сайлау комиссияларына сенім білдірілген адамдарды тіркеу туралы өтінішпен жүгінеді. Өтінішке сенім білдірілген адамдардың қағаз түріндегі және электрондық жеткізгіштегі тізімі қоса беріледі.

Егер өтініші сенім білдірілген адамдардың тізіміне өзге адам нотариаттық куәландырылған сенімхаттың негізінде қол қойса, өтінішке сенімхаттың көшірмесі қоса беріледі.

Кандидат сенім білдірілген адамдар ретінде ұсынатын адамдар тиісті сайлау комиссиясына сенім білдірілген адам болуға өз келісімін беру туралы өтінішін ұсынады.

Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешімді тиісті сайлау комиссиясы өтініш келіп түскеннен кейін күнтізбелік екі күн ішінде қабылдайды және сайлау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.

Тиісті сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамдар тіркелгеннен кейін оларға куәліктер береді.

Тиісті сайлау комиссиясы, егер адам:

1) Қазақстан Республикасының азаматы болмаған;

2) сайлау комиссиясының мүшесі болмаған;

3) «Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 495 Жарлығына сәйкес саяси мемлекеттік қызметші лауазымында болған жағдайларда кандидаттың, саяси партияның сенім білдірген адамын тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды (*3-қосымша*).

Кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеудің күшін жою туралы шешімді сайлау комиссиясы сәйкессіздік анықталған кезден бастап күнтізбелік екі күн ішінде қабылдайды және ол хаттамамен ресімделеді, ол жиырма төрт сағат ішінде кандидаттың, саяси партияның, учаскелік комиссиялардың назарына жеткізіледі.

Сенім білдірілген адамның Сайлау туралы Конституциялық заңның 31-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкестігі кандидат ұсынған құжаттардың (сенім білдірілген адам болуға келісім беру туралы өтініштің) негізінде анықталады.

Сенім білдірілген адамдар Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушыларының құқықтарын иеленеді, міндеттеріне ие болады және кандидаттың өздеріне жазбаша нысанда берген өкілеттігі шегінде әрекет етеді (31-б. 5-т.).

Дауыс беру күні дауыс беруге арналған сайлау учаскесі ашылған кезден бастап және сайлаушылардың дауыстарын санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін сайлау учаскесінде **бір мезгілде әрбір кандидаттан сенім білдірілген бір-бір адамнан**, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден және Қазақстан Республикасының әрбір саяси партиясынан, өзге де қоғамдық бірлестігінен, басқа да коммерциялық емес ұйымдарынан бір-бір байқаушыдан және аудармашы бірге жүруге құқылы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары **қатысуға құқылы**.

Сенім білдірілген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін, өз ұйғарымымен, кандидаттың шешімімен, сондай-ақ кандидатты тіркеудің күші жойылған, Сайлау туралы Конституциялық заң бұзылған жағдайларда өз мәртебесінен айырылады.

Сенім білдірілген адамдарды тіркеу туралы өтініштің нысаны

_____ сайлау комиссиясына
(комиссияның атауы)

_____ (кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Сенім білдірілген адамдарды тіркеу туралы өтініш

Сізден қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарын сенім білдірілген адамдар ретінде тіркеуді сұраймын.

Қосымша:

_____ сенім білдірілген адамдардың тізімі ____ парақта (қағаз түрінде және электрондық жеткізгіште).

_____ (қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

2022 ____ жылғы _____
(өтінішті берген күні)

Ескертпе: Егер өтінішке және сенім білдірілген адамдардың тізіміне нотариаттық куәландырылған сенімхаттың негізінде өзге адам қол қойса, онда өтінішке сенімхаттың көшірмесі қоса беріледі.

Өтінішке қосымша

Кандидаттың сенім білдірген адамдарының тізімі

№ р/б	Сенім білдірілген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Байланыс деректері (телефон)
1.		
2.		
3.		

Сенім білдірілген адам болуға келісім беру туралы өтініштің нысаны

_____ сайлау комиссиясына
(комиссияның атауы)

_____ (кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Сенім білдірілген адам болуға келісім беру туралы өтініш

Мен, _____ Қазақстан Республикасының азаматы,
(кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Қазақстан Республикасының _____ кандидат _____
(кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

сенім білдірген адамы болуға келісімді беремін.

Жеке басымды куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса беремін.

Сайлау комиссиясының мүшесі емеспін.

Мемлекеттік саяси қызметші лауазымын атқармаймын.

Байланыс мәліметтері:

_____ (қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

2022____ жылғы _____
(өтінішті берген күні)

Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидатты қолдап қол жинау

Президенттікке кандидатты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті (Қазақстан Республикасының сайлаушылар-азаматтардың бірыңғай электрондық тізіліміне сәйкес сайлаушылардың кем дегенде 118 273 қолы) қолдауға тиіс.

ҚР ОСК Қазақстан Республикасының Президенттікке кандидатты қолдап қол жинау үшін Президенттікке кандидаттарды қол қою парақтарының қажетті санымен қамтамасыз етуге міндетті.

ҚР ОСК кандидаттың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін екі күн мерзімнен кешіктірмей толтырылған қол қою парақтарын береді.

Президенттікке кандидатты қолдап қол жинауды басқа адамдарды қол жинауға тарта алатын сенім білдірілген адамдары ұйымдастырады.

Қол жинаушы адам қол жинаған кезде тиісті қол қоятын парақта жеке қолы қойылған кандидаттың сенім білдірген адамының тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін көрсетуге тиіс.

Президенттікке кандидатты қолдап қол жинау жөніндегі толтырылған қол қою парақтары тиісті сайлау комиссиясына тапсырылады, ол бес күн мерзімде паспорт қызметі қызметкерлерін қатыстыра отырып қойылған қолдардың шын екендігін тексеруді жүзеге асырады, тиісті хаттаманы ресімдейді және оны ҚР ОСК-ға жолдайды.

«2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатқа қол қою парақтарын беру және оны қолдап қойылған қолдардың растығын тексеру мерзімдерін қысқарту туралы» ҚР ОСК-ның 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 69/550 (2-қосымша)

Активтері мен міндеттемелері туралы декларация ұсыну

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) **тіркеуге дейін** тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына 2022 жылғы 1 қыркүйекке жарияланған активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат **тіркелген күннен бастап** он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте мемлекеттік кірістер органдарынан кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтер беру жөнінде талап алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде беруге міндетті.

Медициналық куәландыру

Медициналық куәландыру кандидат ұсынған республикалық қоғамдық бірлестіктің оны ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірменің негізінде жүзеге асырылады.

Медициналық куәландыру кандидат тіркелген жердегі денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық қорытынды белгіленген нысанда бере отырып жүргізіледі *(4-қосымша)*.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды тіркеу

(«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 59 - бабы)

Президенттікке кандидаттарды тіркеуді кандидат барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін ҚР ОСК жүзеге асырады және тіркеу **2022 жылғы 21 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады**.

Президенттікке кандидатты тіркеу мына құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады:

қоғамдық бірлестіктің жоғары органдарының Президенттікке кандидат ұсыну жөніндегі отырысың осы қоғамдық бірлестікті Республиканың Әділет министрлігінде тіркеу туралы құжаттың көшірмесі қоса тіркелген хаттамасының үзінді көшірмесі

Президенттікке кандидаттыққа түсуге келісім беру туралы өтініш

азаматтардың кандидатты қолдап жиналған қолдарын тексерудің нәтижелері туралы аумақтақ сайлау комиссияларының хаттамалары

кандидаттың өмірбаяндық деректері

кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) автивтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды тапсырғаны туралы мемлекеттік кірістер органының анықтамасы

кандидатың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат

денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытынды

ҚР ОСК кандидаттарға тіркелген кезде тиісті куәлік береді және Президенттікке кандидаттар тіркелгеннен кейін жеті күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) әрбір кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын (кәсібін), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның қоғамдық бірлестікке қатыстылығы, ұлты туралы мәліметтерді көрсетіп, тіркелгені туралы хабар жариялайды.

ҚР ОСК мынадай:

кандидат ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған;

Конституцияда және Сайлау туралы Конституциялық заңда кандидатқа қойылатын талаптарға кандидат сәйкес болмаған;

кандидат сайлау алдындағы науқанда өзінің лауазымдық немесе қызметтік бабын пайдаланған;

кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не оның алдындағы күні кандидат сайлау алдындағы үгітті жүргізген;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадірін қорлайтын, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратуының фактісін сот анықтаған;

кандидаттың және оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактісін сот анықтаған;

декларация берілген кезде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасына сәйкес кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда;

Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген өзге жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

ҚР ОСК-ның Президенттікке кандидатты тіркеуден бас тартуына немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жоюына кандидаттың жеке өзі не оны ұсынған қоғамдық бірлестік он күн ішінде Жоғарғы Сотқа шағым беруі мүмкін, ол шағымды берілген күнінен бастап он күн мерзім ішінде қарайды. Жоғарғы Соттың шешімі түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатураны алып тастау, кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою

(«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 60-61-баптары)

Президенттікке кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кез келген уақытта ҚР ОСК-ға бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын алып тастай алады.

Республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы тіркеуге дейін және тіркеуден кейін кез келген уақытта ҚР ОСК-ға тиісті ұсыныс жасау арқылы Президенттікке кандидат ұсыну жөніндегі өз шешімінің күшін жоя алады. Мұндай жағдайларда ҚР ОСК кандидатты тіркемейді не оны тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Егер кандидатураны алып тастау немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою осыған мәжбүр ететін себептерсіз жүргізілген болса, онда ҚР ОСК сайлау науқанын өткізуге республикалық бюджет қаражатынан жұмсалған шығыстың бір бөлігін оны ұсынған қоғамдық бірлестіктің есебіне жатқызуға құқылы.

Егер тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың шығуы нәтижесінде екіден кем Президенттікке кандидат қалған жағдайда ҚР ОСК өзінің қаулысымен сайлау мерзімін екі айдан аспайтын мерзімге ұзарта алады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттар қызметінің кепілдіктері

(«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 47-бабы)

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сайлауға тең құқықтармен және шарттармен қатысуына кепілдік беріледі.

Кандидаттар тіркелген күнінен бастап сайлау қорытындысы жарияланғанға дейін жұмыстан, әскери қызметтен және әскери жиындардан босатылуға құқылы. Кандидаттардың сайлауға қатысқан уақыты тіркелген күнге дейін оның жұмыс істеген мамандығы бойынша еңбек өтіліне есептеледі.

Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, Президенттікке кандидаттарды олар тіркелген

күннен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін, сондай-ақ олар Президент ретінде тіркелгенге дейін ҚР ОСК келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға сайлау алдындағы үгітті жүргізуге республикалық бюджеттен қаражат бөлу

Конституциялық заңның 28, 33-баптарына сәйкес мемлекет кандидаттарға БАҚ-та сайлау алдындағы бағдарламаларымен сөз сөйлеу үшін республикалық бюджеттен қаражаттың тең бөлінуіне кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың республикалық бюджет қаражатынан жабылатын төмендігіше шығыстары белгіленеді:

бағдарламамен телевизиядан он бес минуттық сөз сөйлеуіне (тікелей эфирде немесе жазбада)

бағдарламамен радиодан он минуттық сөз сөйлеуіне

мерзімді баспасөз басылымдарында немесе желілік басылымдарда 0,1 баспа парақтан аспайтын екі мақаланы жариялауға

кандидаттың сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізуге және үгіт материалдарын шығаруға

кандидаттың көлік шығыстарына

Кандидаттар өздерінің сайлауалды бағдарламаларымен сөз сөйлеуі үшін мемлекет өздеріне бөлген қаражат шеңберінде баспа және/немесе желі басылымдарындағы, теле-, радиоарналардағы жарияланымдардың көлемін өз бетінше қайта бөледі.

Халықаралық ұйымдар мен халықаралы қоғамдық бірлестіктер, шетелдік мемлекеттік органдар, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар тарапынан сайлауды қаржыландыруға тікелей немесе жанама түрде қатысуға тыйым салынады.

Барлық үгіттік баспа материалдарында сол материалдарды шығарған ұйым, олар басылған жері мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгендігі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Үгіттік баспа материалдарын Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде дайындауға, анонимдік үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 72/556 «2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президенттінің кезектен тыс сайлауында Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың республикалық бюджет қаражатынан жабылатын шығыстарының мөлшерлерін белгілеу туралы» ҚР ОСК қаулысы (5- қосымша)

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың сайлау қоры

(«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 58-бабы)

Кандидаттың сайлау қорының жалпы мөлшері

1 млрд 620 млн тенге мыналардан құрылады:

жалпы сомасы заңнамада белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен он екі мың еседен артық аспауға тиіс кандидаттың өз қаражаты, кандидатқа өзін ұсынған республикалық қоғамдық бірлестік бөлген қаражат
720 млн. тенге

алпы сомасы заңнамада белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен он бес мың еседен артық аспауға тиіс Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтары құрайды.
900 млн. тенге

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қайырымдылық ұйымдарының, діни бірлестіктердің, жарғылық капиталына шетелдік қатысу бар қазақстандық заңды тұлғалардың ерікті қайырмалдықтарына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың анонимді қайырмалдықтарына тыйым салынады.

Сайлау қорларына заңды жолмен алынған қаражат қана жіберілуі мүмкін.

Кандидаттардың сайлау қорын құрайтын ақшалай қаражат банк мекемелерінде ашылатын арнаулы уақытша шотта жинақталады.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2014 жылғы 17 шілдедегі №11/234 қаулысына сәйкес «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ Президенттікке тіркелген кандидаттардың сайлау қорларының арнаулы уақытша ағымдағы шоттарын ашатын және жүргізетін банк мекемесі болып айқындалған.

Көрсетілген шот бойынша кірістер аударылмайды және төленбейді.

Сайлау қорының қаражатына иелік ету құқығы тек кандидатқа тиесілі.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат өзінің сайлау қорлары қаражатынан:

- 1) тіркелген кез келген бұқаралық ақпарат құралдарына шығуға;
- 2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікірталастар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының, сайлаушылармен жеке кездесулерін ұйымдастыруға және өткізуге;
- 3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және (немесе) таратуға;
- 4) заңды және жеке тұлғалардың үгіт жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты қызметтеріне ақы төлеуге;
- 5) Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдардың сайлау алдындағы үгітпен байланысты көлік және іссапар шығындарын жабуға;

б) сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды және өзге де белгілер мен нышандарды тегін тарату үшін дайындауға арналған шығындарды төлеуге құқылы.

Сайлау қорлары қаражатының мақсатты жұмсалуды Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат қаттамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат өзінің сайлау қорына қаражаттың түсу есебін, сондай-ақ олардың жұмсалуды есебін жүргізеді. Есеп түсімінің әр түрі бойынша, күні, теңгедегі сомасы және осы қаражатты аударған нақты жеке және заңды тұлғаның атауы көрсетіле отырып, жүргізіледі. Шығыстар тізілімінде: ақшаның шотқа түскен күні, ақшаның екінші деңгейдегі банкте алынған күні, сомасы, әрбір төлем құжаты бойынша төлемнің мақсаты жазылады.

«Арнаулы уақытша шот ашу және сайлау қорының қаражатын жұмсау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/222 қаулысы).

Осы мақсаттарда кез келген басқа көздерден өзге ақша тартуға, сайлау науқаны барысында кандидаттар пайдаланатын, кандидаттардың сайлау қорлары қаражатынан ақысы төленбеген жеке және заңды тұлғалардың кез келген тауарын, жұмысы мен қызметін қабылдауға, аталған жеке және заңды тұлғаларға осы қызметтердің көрсетілгені үшін кандидат тарапынан жәрдемнің кез келген түріне тыйым салынады.

Кандидат өз кандидатурасын алып тастаған немесе кандидатты ұсыну немесе кандидатты тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда сайлау қорына түскен ақша қаражаты оны қосқан азаматтар мен ұйымдарға дереу қайтарылуға жатады. Бұл ретте аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығыстар оларды енгізген азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады.

Арнаулы уақытша шоттар бойынша барлық қаржылық операциялар сайлаудың алдындағы күні сағат 18-де тоқтатылады.

Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей кандидат ҚР ОСК-ға өзінің сайлау қорының қаражатын пайдаланғаны жөнінде есеп беруге міндетті. Сайлау қорының сайлау науқаны мақсаттарына жұмсалмай қалған ақшалай қаражатының үштен екісі республикалық бюджетке жіберіледі, ал үштен бірі кандидатқа қайтарылады.

Қорға келіп түскен ақшаның жалпы сомасы және оның көздері туралы ақпаратты ҚР ОСК сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін он күн ішінде БАҚ-та жариялайды.

Кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген қағидаларды, сондай-ақ ҚР ОСК белгілеген сайлау қорлары қаражатын жұмсау тәртібін бұзуы - кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға, ал сайлау өткізілгеннен кейін кандидаттың Президент ретінде тіркелуіне дейін тиісті аумақ бойынша сайлауды жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізудің жалпы шарттары

«ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 27, 28-баптары)

Сайлау алдындағы үгіт тіркеу аяқталған кезден басталады және 2022 жылғы 19 қарашада жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау тағайындалған кезден бастап, Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғаларға, ойын-сауық және спорттық іс-шараларын ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынады.

Кандидатқа сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғаларда қызметтерді қабылдауға жазбаша келісімі болуға тиіс. Жазбаша келісімі жоқ тұлғалардың заңнамада белгіленген жауаптылығы болады.

Кандидаттардың өздері сайлау алдындағы бағдарламаларын баспасөзде және басқа да БАҚ-та үгіттеуге және насихаттауға құқылы.

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады.

Сайлау алдындағы үгіт төмендегіше жүзеге асырылады:

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы

сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды!), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен

баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен

Сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады:

